

МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Управление юстиции города Актау Департамента
Юстиции Мангистауской области

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о государственной регистрации
юридического лица

071040008357

(бизнес - идентификационный номер)

316-1943-01-АО

(регистрационный номер)

город Актау

16» февраль 2012 года

Наименование юридического лица:

**Акционерное общество «Национальная компания
«Социально-предпринимательская корпорация «Каспий»**

Местонахождение юридического лица:

Республика Казахстан, 130000, Мангистауская область,
город Актау, в районе прибрежной зоны 4 микрорайона,
административное здание АО «НК «СПК «Каспий» №19.


СВИДЕТЕЛЬСТВО ДАЕТ ПРАВО ОСУЩЕСТВЛЯТЬ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ
В СООТВЕТСТВИИ С УЧРЕДИТЕЛЬНЫМИ ДОКУМЕНТАМИ В РАМКАХ
ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Начальник



А.Тудеушев

№ 0517361



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ

Маңғыстау облысы Әділет департаменті Ақтау
қаласының Әділет басқармасы

Заңды тұлғаны мемлекеттік
тіркеу туралы

КУӘЛІК

071040008357

(бизнес - сәйкестендіру нөмірі)

316-1943-01-АҚ

(тіркеу нөмірі)

Ақтау қаласы

2012 жылғы «16» ақпан

Заңды тұлғаның атауы:


«Каспий» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық
компаниясы» акционерлік қоғамы

Заңды тұлғаның тұрған жері:

Қазақстан Республикасы, 130000, Маңғыстау облысы,
Ақтау қаласы, 4 шағын ауданында теңіз жағалау аймағында
«Каспий» ӘКК» ҰК» АҚ №19 әкімшілік ғимарат.

КУӘЛІК ҚЫЗМЕТТІ ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРҒА СӘЙКЕС
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЗАҢДАРЫ ШЕҢБЕРІНДЕ ЖҮЗЕГЕ
АСЫРУ ҚҰҚЫҒЫН БЕРЕДІ

Басты



А. Гусенов

№ 0517361

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
20 12 ж. « 16 » *Ақпан*
МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДЕН (ҚАЙТА ТІРКЕУДЕН)
ӨТКІЗІЛГЕН ТУЛАНЫҢ (№ *916-1043-01* КУӘЛІК
ЖӘНЕ БСН *021000008357*) ЖАРҒЫСЫНА
20 12 ж. « 16 » *Ақпан* ЕНГІЗІЛГЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАР МЕН ӨЗГЕРТУЛЕР ТІРКЕЛДІ

«Каспий» ӘКК» ҰК» АҚ жалғыз
Акционерінің шешімімен бекітілді
2011 жылдың 28 желтоқсанындағы
хаттама № 2-04/379

**«Каспий» Әлеуметтік-кәсіпкерлік
корпорациясы» Ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ**

Ақтау қаласы, 2011 жыл

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жарғы «Каспий» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) құқықтық мәртебесін, тақсаттарын, өкілеттіктері мен қызметінің негізгі қағидаттарын айқындайды.

2. Қоғамның толық атауы:

мемлекеттік тілде: «Каспий» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы;

орыс тілінде: Акционерное общество «Национальная компания «Социально-предпринимательская корпорация «Каспий»;

3. Қоғамның қысқартылған атауы:

мемлекеттік тілде: «Каспий» ӘКК» ҰК» АҚ;

орыс тілінде: АО «НК «СПК «Каспий»;

4. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 130000, Ақтау қаласы, 4 шағын ауданында теңіз жағалау аймағында «Каспий» ӘКК» ҰК» АҚ № 19 әкімшілік ғимараты.

2. Қоғамның заңды мәртебесі

5. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес теңгерімі, банктік шоттары бар, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып алады және жүзеге асырады, міндеттер алады, сотта ізденуші және жауапкер бола алады.

6. Қоғамның өз атауы жазылған мөрі, бланктері және өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті басқа да деректемелері бар.

7. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңнамасын және осы Жарғыны, сондай-ақ корпоративтік басқару кодексін басшылыққа алады.

8. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы.

9. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен оның орналасқан жерінен тыс жерлерде, заңды тұлға болып табылмайтын және олар туралы Ережелердің негізінде Қоғамның атынан және тапсырмасы бойынша әрекет ететін филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

3. Қоғамның және акционерлердің жауапкершілігі

10. Қоғам өз мүлкі шегінде өз міндеттемелері бойынша жауапкершілік алады.

11. Қоғам өз акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Акционерлер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғам міндеттемелері бойынша жауап бермейді және өздеріне тиесілі акциялар құны шегінде Қоғам қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

12. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты мемлекет те оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

